**Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК**
**«Химия - технология» бөлім жиналысының**
**№3 ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар саны: 16
Өткізілген күні:«13» «11» 2024ж.
Өткізілген орны: 115

***Күн тәртібінде:***

1. *2024-2025 оқу жылы I жарты жылдығының барысы;*
2. *Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында оқытушылармен, студенттермен, ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы;*
3. *ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның баптары*
4. *Үйірме жұмыстарының жоспарларын талдау, ДОТ бойынша оқытушылардың сабақ үлгерімін қадағалауы;*
5. *Әр түрлі сұрақтар.*

**Тыңдалды:**

«Химия - технология» бөлім меңгерушісі Бегжанов Альфараби Айтмаханович бөлім оқытушылары және топ жетекшілерімен сәлемдесіп, оқытушы мен студент арасындағы байланысқа тоқталып, күн тәртібімен таныстырып, жиналысты ашты.

I мәселе бойынша бөлім меңгерушісі А.А.Бегжанов: Қайырлы күн құрметті әріптестер. Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата - ана мен өздеріңіз болып табыласыздар. Болашақ десек те, келешек десе де бала - ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу. Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл - Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» - деген қанатты сөздері ойға келіп тұр. Осыған орай ата – аналармен бірлесе тығыз жұмыс жасауларыңызды сұранамын, студенттер тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата - аналар іс - жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат», - деп, ары қарай оқу барысындағы мәселелер талқыға алынды.

II мәселе бойынша оқытушы, комплеанс-қызметтің жұмыс тобының мүшесі Алжанова Гульмира Килышбековна сөз алып, «Сыбайлас жемқорлық жергілікті проблема болудан қалып, ұлт шегінен тысқары құбылысқа айналғаны, оның қоғамды және барлық елдердің экономикасын қамтып отырғаны белгілі. Колледжімізде Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды насихаттайтын, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын комплеанс-қызмет тобы, «Адал Ұрпақ» ерікті клубы сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу бағытында жұмыстарды атқаруда. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сабақтан тыс уақытында, демалыс және мереке күндерінде ата – аналар оқушыларды бақылаудан жібермеу, қадағалау туралы студенттермен тұрақты жұмыс жүргізуді талап

етемін. Құрметті әріптестер әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімізді пайдалануға тырысайық», - деді.

III мәселе Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында (ҚР Әкімшілік Кодексінің баптары) түсіндіру. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басты мақсаттардың бірі екені және оған барынша атсалысу туралы айтылды.

Бөлім меңгерушісі А.А.Бегжанов топ жетекшілерге 2024-2025 оқу жылының I семестрінің барысы бойынша, атап айтқанда, студенттердің сабаққа қатысуын күнделікті бақылауды уақытылы жүргізу жайлы, түгел әрі толық қатысуын, киім үлгісін, ішкі мәдениетті қатаң сақтау мәселелері бойынша тұрақты жұмыс жүргізуді айтып өтті. «Бала тәрбиесі ешқашан салғырт қарауды көтермейтін, аса бір күрделі де маңызды іс. Адамды адамдық қалыпқа келтіретін де, аздырып, тоздыратын да тәрбие жұмысы. Балаға жас кезінде әсер ететін құбылыстар әр түрлі болғанмен оларды тәрбиелеуші әрине ата-ана. Студенттердің түрлі құқықбузушылық пен тәртіпбұзушылық жағдайлардан алдын алу жөнінде ата-аналарымен тығыз байланыста болуларыңызды сұранамын», деді бөлім меңгерушісі А.А.Бегжанов.

Күн тәртібіндегі келесі IV мәселе барлық оқытушылар назарына, яғни ДОТ сабақтары қадағаланып, барлық студенттерді бағалау жұмыстары, сонымен қатар бөлімдегі студенттердің сабақтан тыс бос уақытында колледжішілк түрлі үйірмелерге бауулу туралы айтылып өтті.

Әр түрлі мәселелер. Бөлім меңгерушісі А.А.Бегжанов жиналыс соңында әр - түрлі мәселелерге тоқталып, оқытуылар тарапынан сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

**Қаулы**:

1. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдығының барысы бойынша студенттердің сабаққа қатысу үлгерімі мен оқу үлгерімі қатаң қадағалауға алынсын. Сабақтан себепсіз қалатын студенттерді түзету жұмыстары нығайтылсын. Колледжішілік тәртіп қатаң түрде сақталсын.
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша комплаенс-қызмет жұмыс тобының жоспары негізінде өткізілетін жұмыстардың барлығына толық атсалысу қамтамасыз етілсін. Сыбайлас жемқорлық мәдениетін, қағидаларын қатаң сақтау барлық оқытушылар мен студенттерден талап етіледі. Шымкент қаласы білім басқармасының 01.03.2022 жылғы №10-05-43/1378 хаты негізінде «Химия-технология» бөлім оқытушыларының, топ жетекшілерінің мерекелік іс-шараларға білім алушылардан қаржылай сыйлықтар, бағалы сыйлықтар алуға, қаржы жинауға қатаң түрде тиым салынатыны ескертілді.
3. Әрбір берілген тапсырма уақытылы және жауапкершілікпен атқарылсын.

Бөлім меңгерушісі: А.А.Бегжанов

Жиналыс хатшысы: Г.К.Алжанова


Техникалық прогресс дегеніміз машиналар
аппараттардың конструкцияларын жетілдіру